


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы



Төленді Әлинұр Ғалиасқарұлы

«Энергия тиімді технология бойынша цементті клинкер өндіру зауыты»

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

1934

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

 Ақмалайұлы К.

« 25 » 05 2020ж.

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Энергия тиімді технология бойынша цементті клинкер өндіру зауыты

5B073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

Орындаған:



Төленді Ә.Ғ.

Пікір беруші

Жетекші

Т.Ғ.К. профессор ассистенті

 Еспаева А.С.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

« 25 » 05 2020ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты


Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

1934

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі

 К. Ақмалайұлы

« 27 » 01 2020ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Төленді Әлинұр Ғалиасқарұлы

Тақырыбы: «Энергия тиімді технология бойынша цементті клинкер өндіру зауыты»

Университет ректорының «27» 01 2020ж. №762-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «31» 05 2020 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Зауыттың жылдық өнімділігі, өнімнің құрамы шикізаттар кен орны, құрылыс орнының сипаттамасы.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Технологиялық бөлім

ә) Жылу техникалық бөлім

б) Сәулет-құрылыс бөлімі

в) Өндіріс автоматизациясы

г) Экономикалық бөлім

ғ) Еңбек және қоршаған ортаны қорғау








Сызбалық материалдар тізімі Бас жоспар сызбасы, зауыттың қима көрінісі, технологиялық картасы, технологиялық тізбегі, автоматика сызбасы, техника-экономикалық көрсеткіштер сызбасы.

Ұсынылған негізгі әдебиет 10 атау

**Дипломдық жобаны дайындау  
КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелердің тізімі	Жетекшілер мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық (технологиялық тізбек және сипаттама)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Жылу-техникалық (жылу ылғалды өңдеуге арналған жабдықты есептеу)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Сәулеттік- құрылыстық (бас цехтың конструктивті жобалау шешімі цехта жабдықтарды орналастыру)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Автоматтау және автоматтандыру (құрылыс өндірісі технологиясын ұйымдастыру)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Техника-экономикалық (тиімді нұсқаны таңдаудың технико-экономикалық негіздеу есептемелері)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Қауіпсіздік және еңбек қорғау (қауіпсіздік техникасы сұрақтарын қарастыру)	27.01.2020 – 25.05.2020	


**Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары**

Бөлімдердің атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Еспаева А.С. т.ғ.к., профессор ассистенті	25.05.2020	
Жылу техникалық бөлім	Еспаева А.С. т.ғ.к., профессор ассистенті	25.05.2020	
Сәулеттік -құрылыстық бөлім	Бек А.А. т.ғ.м., ассистент	25.05.2020	
Техника экономикалық бөлім	Еспаева А.С. т.ғ.к., профессор ассистенті	25.05.2020	
Автоматтау және автоматтандыру бөлімі	Еспаева А.С. т.ғ.к., профессор ассистенті	25.05.2020	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	Еспаева А.С. т.ғ.к., профессор ассистенті	25.05.2020	
Норма бақылау	Бек А.А. т.ғ.м., ассистент	25.05.2020	

Жетекші

 Еспаева А.С.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Төленді Ә.Ғ.

Күні

« 25 » 05 2020ж.

## **АНДАТПА**

Бұл дипломдық жұмыста цементті клинкер өндірісі жайлы толық мәліметтер келтірілген. Сол клинкердің номенклатурасы, шикізат мінездемесі, технологиялық схемасы және оның қысқаша сипаттамасы, өндірістің материалдық балансы, шихтаның құрамын анықтау, құрал-жабдықтар және зауыттың жоспары, нобайы көрсетілген.

Құрылыс практикасында әр түрлі жинақты үйлер мен ғимараттар құрылысы үшін жаңа прогрессивті бұйымдар мен материалдар шығарудағы цементтің рөлі үнемі өсуде. Оны темірбетонды, құрастырмалы және монолитты бетонды, асбест-цементті бұйымдарды, құрылыс ерітінділерін, тағы да басқа көптеген жасанды материалдарды дайындау үшін қолданады. Шикізат материалдарының қол жетімділігі, цемент өндірісінің операцияларының автоматтандырылуы және де оған деген қажеттіліктің жоғары екенін ескерсек, бұйым өндірісі маңызды, тиімді болып келеді.

## **АННОТАЦИЯ**

В дипломной работе приведены данные о заводе по производству цементного клинкера. Представлены номенклатура этого клинкера, характеристика сырья, технологическая схема и ее краткая характеристика, материальный баланс производства, определение состава шихты, оборудование и заводские планы, эскизы.

В строительной практике постоянно возрастает роль цемента в производстве новых прогрессивных изделий и материалов для строительства различных комплексов зданий и сооружений. Его используют для изготовления железобетонных, сборных и монолитных бетонов, асбестоцементных изделий, строительных растворов и многих других искусственных материалов. С учетом доступности сырьевых материалов, автоматизации операций цементного производства и высокой потребности в нем, производство изделий является важным, эффективным.

## **ABSTRACT**

This diploma project contains data on the cement clinker plant. The nomenclature of this clinker, the characteristics of the raw materials, the technological scheme and its brief characteristics, the material balance of production, compositions determination of the charge, equipment and factory plans, sketches are presented.

In construction practice, the role of cement is constantly growing in the production of new progressive products and materials for the construction of various sets of buildings and structures. It is used for the manufacture of reinforced concrete, precast and cast concrete, and many other artificial materials. Due to the availability of the raw materials, automation of cement productions operations and high demand for it, the production of products is vital, efficient.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1 Өнеркәсіптің жұмыс істеу тәртібі	8
1.2 Өнеркәсіптің технологиялық желісінің жұмысын есептеу	9
1.3 Өнімнің сипаттамасы (номенклатурасы)	10
1.4 Шикізат қоспасының химиялық құрамын есептеу	11
1.5 Шикізат пен бастапқы материалдардың сипаттамасы	14
1.6 Өндіріс тәсілін таңдау және негіздеу	15
1.7 Өндірістің технологиялық сипаттамасы	16
1.8 Материалдық баланс	17
1.9 Жабдықты таңдау және есептеу	21
1.10 Шикізаттардың және өнімнің сапасын бақылау	23
2 Жылу техникалық бөлімі	25
2.1 Пештің жылу балансын және клинкерді күйдіруге қажет отынның шығынын анықтау	25
2.2 Өндірістік емес қажеттіліктерге арналған жылу шығындарын есептеу	28
3 Сәулет-құрылыс бөлімі	31
4 Экономикалық бөлім	33
5 Өндіріс автоматизациясы	36
6 Еңбек және қоршаған ортаны қорғау	37
Қорытынды	40
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	41

## Кіріспе

Цемент – маңызды құрылыс материалы, сондықтан да цементке құрылыс материалдарының арасында жетекші орын тиесілі. Ол құрылыс тәжірибесінде 150 жылға жуық қолданылып келеді.

Қазіргі заманғы құрылыс практикасында әр түрлі жинақты үйлер мен ғимараттар құрылысы үшін жаңа прогрессивті бұйымдар мен материалдар шығарудағы цементтің рөлі үнемі өсуде. Оны темір бетонды, құрастырмалы және монолитты бетонды, асбест-цементті бұйымдарды, құрылыс ерітінділерін, құрылыстың жекелеген элементтерін(бөлшектерін) бекіту, ыстыққа, қышқылдар мен сілтілерге төзімді және тағы да басқа көптеген жасанды материалдарды дайындау үшін қолданады.

Қандай да бір құрылысты салу үшін неше түрлі цемент қолданылуы мүмкін. Соның ішінде ең көп таралғаны және жиі қолданылатыны портландцемент. Ол ұсақ фракциялы портландцементті клинкерден, арнайы қоспалар мен гипстен жасалады.

Алматы облысында сәулет пен құрылыстың қарқын дамуы және күнделікті өмірімізге керек құрылыс материалдарына деген қажеттілік жоғары болғандықтан, шикізаттар кен орнының жеткілікті және қолайлы орналасуынан шикізат қоспасын күйдіру процесінде өндірілетін және портландцемент өндірісінде маңызды құрамдас өнім болып табылатын цемент клинкер өндірісін дамыту құрылыс саласына маңызды және пайдалы шешім деп қабылдауға болады.

## 1 Технологиялық бөлім

### 1.1 Өнеркәсіптің жұмыс істеу тәртібі

Өнеркәсіптің жұмыс істеу уақытының жылдық қоры:

$$T_{\text{ж}} = N \cdot n \cdot t \quad (1)$$

мұндағы  $N$  – жұмыс күндерінің саны;  
 $n$  – тәуліктегі ауысымдар саны;  
 $t$  – бір ауысымның ұзақтығы, сағат.

$$T_{\text{ж}} = 365 \cdot 3 \cdot 8 = 8760$$

$$T_{\text{ж}1} = (365 - 12 - 91) \cdot 2 \cdot 8 = 4192 \text{ сағ/жыл (2 ауысым)}$$

$$T_{\text{ж}2} = (365 - 12 - 91) \cdot 3 \cdot 8 = 6288 \text{ сағ/жыл (3 ауысым)}$$

Желілердің өндірістік қуаты келесі формула бойынша есептеледі:

$$\Phi_{\text{е}} = T \cdot K_{\text{ж.п.}} \quad (2)$$

мұндағы  $T$  – жылдағы жұмыс уақыт қоры, сағ;  
 $K_{\text{ж.п.}}$  – құрал-жабдықтарды пайдалану коэффициенті, (0,8-0,95);

$$\Phi_1 = T \cdot K_{\text{ж.п.}} = 4192 \cdot 0,9 = 3772,8 \text{ сағ/жыл}$$

$$\Phi_2 = T \cdot K_{\text{ж.п.}} = 6288 \cdot 0,9 = 5659,2 \text{ сағ/жыл}$$

1 Кесте – Өнеркәсіптің жұмыс істеу тәртібі

Бөлістер аталуы	Жылдық жұмыс күндер саны	Тәуліктегі ауысым саны	Жұмыс ауысым ұзақтылы ғы, сағ.	Жұмыс уақытының жылдық қоры	
				Жұмыс уақыты	Жабдық жұмысы
Шикізатты қабылдау	262	2	8	4192	3772,8
Ұнтақтау бөлімі	262	3	8	6288	5659,2
Кептіру бөлімі	262	3	8	6288	5659,2
Күйдіру бөлімі	262	3	8	6288	5659,2
Сапаны бақылау	262	2	8	4192	3772,8
Дайын өнім қоймасы	262	2	8	4192	3772,8



## 1.2 Өнеркәсіптің технологиялық желісінің жұмысын есептеу

Тәуліктік, ауысымдық, және сағаттық еңбек өнімділігінің есептелу формулалары:

$$\Pi_T = \frac{\Pi_{ж}}{C_p} \quad (3)$$

$$\Pi_a = \frac{\Pi_{ж}}{C_p \cdot n} \quad (4)$$

$$\Pi_c = \frac{\Pi_{ж}}{B_p} \quad (5)$$

мұндағы  $\Pi_{ж}$  - кәсіпорынның жылдық өнімділігі;  
 $C_p$  - жылдағы жұмыс күндерінің саны;  
 $B_p$  - жұмыс уақытының есептік қоры;  
 $n$  - тәуліктегі ауысымдардың саны.

$$\Pi_T = \frac{70000}{262} = 267,17 \text{ м}^3/\text{т}$$

$$\Pi_a = \frac{70000}{262 \cdot 3} = 89,06 \text{ м}^3/\text{а}$$

$$\Pi_c = \frac{70000}{262 \cdot 3 \cdot 8} = 11,13 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

### 2 Кесте – Бұйым өнімділігі

Өнім атауы	Өлшем бірлігі	Өндіріс көлемі			
		жылдық	тәуліктік	ауысымдық	сағаттық
ПЦ клинкер	т	70000	267,17	89,06	11,13

Ақау мен жоғалуларды ескергендегі өнімділігін есептейміз. Портландцементті клинкерді күйдіруге арналған айналмалы пештегі ақаулар мен жоғалулар – 1,2 пайыз, кептіру кезінде – 1 пайыз, ұнтақтау кезінде – 0,3 пайыз, тасымалдау кезінде – 0,2 пайыз, қоймадағы жоғалулар – 0,3 пайыз.

$$\Pi_{ж} = \frac{70000}{1 - \frac{3}{100}} = 72164,95 \text{ м}^3/\text{жыл}$$

$$\Pi_T = \frac{72164,95}{262} = 275,44 \text{ м}^3/\text{т}$$

$$P_a = \frac{72164,95}{262 \cdot 3} = 91,81 \text{ м}^3/\text{а}$$

$$P_c = \frac{72164,95}{262 \cdot 3 \cdot 8} = 11,48 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

3 Кесте – Ақау мен жоғалуларды есептегендегі бұйым өнімділігі

Өнім атауы	Өлшем бірлігі	Өндіріс көлемі			
		жылдық	тәуліктік	ауысымдық	сағаттық
ПЦ клинкер	т	72164,95	275,44	91,81	11,48

### 1.3 Өнімнің сипаттамасы (номенклатурасы)

Портландцементті клинкердің өлшемі пештің түріне байланысты әдетте 10-20 немесе 50-60 мм-ге дейін болады. Клинкердің сапасы оның минералогиялық және химиялық құрамына байланысты. Минералогиялық құрамы күйдіру процесінде пайда болатын минералдардың сандық арақатынасымен, ал химиялық құрамы әртүрлі оксидтердің болуымен сипатталады.

Цемент клинкерінің негізгі оксидтері – кальций оксиді, алюминий оксиді, кремний оксиді, темір оксидтері болып табылады, олардың жиынтық құрамы – 95-97 пайыз аралығында. Клинкердің химиялық құрамын талдау МЕСТ 5382-73(2002ж қайта баспа) регламенттелген әдістеме бойынша жүргізіледі, [10].

Цемент клинкерінің негізгі минералдары: алит, белит, үшкальцийлі алюминат, төрткальцийлі алюмоферрит, оны 4 кестеден көруге болады.

4 Кесте – Цемент клинкерінің негізгі минералдары

Наименование	Химиялық формуласы	Қысқартылған формуласы	Құрамы
Алит (үшкальцийлі силикат)	$3\text{CaO} \cdot \text{SiO}_2$	$\text{C}_3\text{S}$	50 – 65(55)
Белит (екікальцийлі силикат)	$2\text{CaO} \cdot \text{SiO}_2$	$\text{C}_2\text{S}$	20 – 30(23)
Үшкальцийлі алюминат	$3\text{CaO} \cdot \text{Al}_2\text{O}_3$	$\text{C}_3\text{A}$	4 – 14(7)
Целит (төрткальцийлі алюмоферрит)	$4\text{CaO} \cdot \text{Al}_2\text{O}_3 \cdot \text{Fe}_2\text{O}_3$	$\text{C}_4\text{AF}$	10 – 20(12)

Үшкальцийлі силикат (алит) – цемент клинкерінің басты минералы, сумен реакцияда үлкен белсенділікке ие. Алит тез қатаяды және жоғары беріктікке ие. Ол цементтік 28 тәуліктік жастағы беріктігін анықтайды.

Екікальцийлі силикат (белит) – алитке қарағанда белсенділігі әлдеқайда аз. Толық гидратация кезінде белиттің жылу бөлінуі алитке қарағанда шамамен екі есе аз. Қатаюы баяу жүреді.

Үшқальцийлі алюминат – сумен жылдам әрекеттесуімен ерекшеленетін ең белсенді клинкерлік минерал. Оның жылу бөлінісі толық гидратация кезінде алиттен екі есе көп. Алайда, оның қатаюы кезіндегі өнімі жоғары кеуектілік, төмен беріктілік пен ұзақ мерзімділікке ие. Оның тез қатуы цемент қамырының ерте құрылым түзілуін тудырады және қатаю мерзімін тездетеді.

Төртқальцийлі алюмоферрит – орташа жылу бөлінуімен сипатталады және қатаю жылдамдығы бойынша үшқальцийлі және екіқальцийлі силикаттар арасында аралық орын алады. Оның гидратация өнімдерінің беріктігі ерте уақытта алиттен төмен және белиттен біршама жоғары.

#### 1.4 Шикізаттар қоспасының химиялық құрамын есептеу

*Технохимиялық есептер*

Шикізаттар қоспасының құрамы, пайыз:

Саз - 25

Әктас - 75

Шикізаттардың ылғалдылығы, пайыз:

Саз - 15

Әктас - 5

Шикізаттардың тығыздығы, т/м<sup>3</sup>:

Саз - 1,9

Әктас – 2,5

*Көлемдік пайызды массалық пайызға ауыстырып, есептейміз.* Ол үшін 1 м<sup>3</sup> шикізаттар қоспасының салмағын анықтаймыз.

1 м<sup>3</sup>-та тығыздығы 1,9 т/м<sup>3</sup> 25 пайыз саздың салмағы:  $1,9 \text{ т/м}^3 \cdot 0,25 = 0,475 \text{ т}$ ;

1 м<sup>3</sup>-та тығыздығы 2,5 т/м<sup>3</sup> 75 пайыз әктастың салмағы:  $2,5 \text{ т/м}^3 \cdot 0,75 = 1,875 \text{ т}$ ;

Жиынтығы:  $0,475 + 1,875 = 2,35 \text{ т}$ , сонымен 1 м<sup>3</sup> қоспаның салмағы 2,35 т.

*Пайыздық мөлшерін анықтаймыз:*

Саздың пайыздық мөлшері:  $0,475 \cdot 100 : 2,35 = 20,21 \text{ пайыз}$ .

Әктастың пайыздық мөлшері:  $1,875 \cdot 100 : 2,35 = 79,79 \text{ пайыз}$ .

*Шикізаттың құрғақ күйдегі мөлшерін есептейміз:*

100 – 15 %

20,21 – x %

x = 3,0315 %

20,21 – 3,0315 = 17,1785 %

100 – 5 %

79,79 – x %

x = 3,9895 %

79,79 – 3,9895 = 75,8005 %

$$17,1785 + 75,8005 = 92,979 \%$$

100 пайыз қоспада абсолютті құрғақ масса 92,979 пайыз

$$92,979 - 17,1785 \%$$

$$100 - x \%$$

$$x = 18,476 \%$$

$$92,979 - 75,8005 \%$$

$$100 - x \%$$

$$x = 81,524 \%$$

100 %

Шикізат үлесін есептейміз:

$$\frac{20,21}{100} = 0,2021$$

$$\frac{79,79}{100} = 0,7979$$

5 Кесте – Саздың химиялық құрамы, мас. пайыз

Компоненттер	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	к.к.ж	Қосынды
Саз	61,81	17,54	7,1	1,27	1,92	0,58	6,24	96,46

100 пайызға келтіреміз:

$$61,81 - 96,46 \quad | \quad x = 64,078 \%$$

$$x - 100$$

$$1,92 - 96,46$$

$$x - 100$$

$$x = 1,99 \%$$

$$17,54 - 96,46 \quad | \quad x = 18,184 \%$$

$$x - 100$$

$$0,58 - 96,46$$

$$x - 100$$

$$x = 0,6 \%$$

$$7,1 - 96,46 \quad | \quad x = 7,36 \%$$

$$x - 100$$

$$6,24 - 96,46$$

$$x - 100$$

$$x = 6,47 \%$$

$$1,27 - 96,46 \quad | \quad x = 1,317 \%$$

$$x - 100$$

$$64,078 + 18,184 + 7,36 + 1,317 + 1,99 + 0,6 + 6,47 = 100 \text{ пайыз}$$

$$\text{SiO}_2 - 64,078 \cdot 0,2021 = 12,95 \%$$

$$\text{Al}_2\text{O}_3 - 18,184 \cdot 0,2021 = 3,675 \%$$

$$\text{Fe}_2\text{O}_3 - 7,36 \cdot 0,2021 = 1,487 \%$$

$$\text{CaO} - 1,317 \cdot 0,2021 = 0,266 \%$$

$$\text{MgO} - 1,99 \cdot 0,2021 = 0,402 \%$$

$$\text{SO}_3 - 0,6 \cdot 0,2021 = 0,121 \%$$

$$\text{к.к.ж.} - 6,47 \cdot 0,2021 = 1,308 \%$$

6 Кесте – Әктастың химиялық құрамы, мас. пайыз

Компоненттер	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	к.к.ж	Қосынды
Әктас	4,69	0,92	0,84	50,54	1,09	0,18	41,47	99,73

100 пайызға келтіреміз:

$$\begin{aligned}
 & \frac{4,69 - 99,73}{x - 100} \cdot x = 4,703 \% & \frac{1,09 - 99,73}{x - 100} \cdot x = 1,093 \% \\
 & \frac{0,92 - 99,73}{x - 100} \cdot x = 0,922 \% & \frac{0,18 - 99,73}{x - 100} \cdot x = 0,181 \% \\
 & \frac{0,84 - 99,73}{x - 100} \cdot x = 0,842 \% & \frac{41,47 - 99,73}{x - 100} \cdot x = 41,582 \% \\
 & \frac{50,54 - 99,73}{x - 100} \cdot x = 50,677 \%
 \end{aligned}$$

$$4,703 + 0,922 + 0,842 + 50,677 + 1,093 + 0,181 + 41,582 = 100 \text{ пайыз}$$

$$\begin{aligned}
 \text{SiO}_2 & - 4,703 \cdot 0,7979 = 3,752 \% \\
 \text{Al}_2\text{O}_3 & - 0,922 \cdot 0,7979 = 0,736 \% \\
 \text{Fe}_2\text{O}_3 & - 0,842 \cdot 0,7979 = 0,672 \% \\
 \text{CaO} & - 50,677 \cdot 0,7979 = 40,435 \% \\
 \text{MgO} & - 1,093 \cdot 0,7979 = 0,872 \% \\
 \text{SO}_3 & - 0,181 \cdot 0,7979 = 0,145 \% \\
 \text{к.к.ж.} & - 41,582 \cdot 0,7979 = 33,178 \%
 \end{aligned}$$

7 Кесте – Қоспаның химиялық құрамы, мас. пайыз

Шикізат түрі	Саз	Әктас	Қосынды
SiO <sub>2</sub>	12,95	3,752	16,702
Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	3,675	0,736	4,411
Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	1,487	0,672	2,159
CaO	0,266	40,435	40,701
MgO	0,402	0,872	1,274
SO <sub>3</sub>	0,121	0,145	0,266
к.к.ж.	1,308	33,178	34,486
Барлығы	20,21	79,79	100 %

## 1.5 Шикізат пен бастапқы материалдардың сипаттамасы

*Саз.* Кен орны – Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Шоқан ауылы, Сарыөзек станциясынан оңтүстік-шығысқа қарай 45 км, онымен байланыс Сарыөзек-Шоқан республикалық жолымен (кен орнынан батысқа қарай 150 м) өтеді. Автожол желісі бойынша ЭБЖ өтеді. Аудан экономикалық игерілген.

Кендену ұзындығы 500-700 м дейін, ені 15-20 м. Кен денелерінің ұзындығы 50-100 м, қуаты 1-2 м. Саздың ылғалдылығы 15-20 пайыз шегінде ауытқиды. Кесек сазының орташа тығыздығы 1800-2000 кг/м<sup>3</sup>.

Саздың механикалық және физикалық қасиеттері: беріктігі - 17,8-24,2 кг/см<sup>2</sup>, су сіңіруі - 14,9-18,5 пайыз, көлемдік массасы - 1,8-2 (1,9) г/см<sup>3</sup>, кеңею коэффициенті 3,23-4,24 (3,62), иілімділік саны 17,17-28,46 (20,66), отқа төзімділігі - 1140-1160 °С.

Саздың гранулометриялық құрамы: 0,002 / 10,6-46,6 дейін (33,34); 0,001-0,004 / 12,6-36,7 (25,68); 0,004-0,01 / 1,36-22,7 (11,72); 0,01-0,053 / 5,3-54,8 (24,09); 0,053-0,125 / 0,3-13,2 (3,15).

8 Кесте – Саздың химиялық құрамы, мас. пайыз

Компоненттер	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	к.к.ж	Қосынды
Саз	64,078	18,184	7,36	1,317	1,99	0,6	6,47	100

*Әктас.* Кен орны – Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Алтын-Емел асуы, Сарыөзек станциясынан оңтүстік-шығысқа қарай 60 км, онымен байланыс Сарыөзек-Қорғас республикалық тас жолы бойынша, оның жанында ЭБЖ өтеді. Аудан экономикалық игерілген.

Әктастың физикалық-механикалық қасиеттері өте біркелкі емес, бірақ олардың құрылымы мен текстурасына тікелей тәуелді. Әктастың орташа тығыздығы 2400–2700 кг/м<sup>3</sup> жетеді, доломит, кварц және басқа минералдар қоспаларының құрамына байланысты ауытқиды. Әктастарды қысу кезіндегі беріктік шегі 0,4 МПа-дан 300 МПа-ға дейін ауытқиды. Ылғалды күйде әктас беріктігі жиі төмендейді. Кристалды әктастар үшін аязға төзімділігі 300-400 циклға жетеді, бірақ басқа құрылымдағы әктастарда күрт өзгереді және ондағы ақаулар мен жарықтардың түрлеріне байланысты.

Моос шкаласы бойынша қаттылығы – 3. Балқу температурасы – 1242 °С.

9 Кесте – Әктастың химиялық құрамы, мас. пайыз

Компоненттер	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	SO <sub>3</sub>	к.к.ж	Қосынды
Әктас	4,703	0,922	0,842	50,677	1,093	0,181	41,582	100

## 1.6 Өндіріс тәсілін таңдау және негіздеу

Портландцементті клинкер өндірісі – күрделі технологиялық және энергияны қажетсінетін процесс, ол келесі бөлімдерді қамтиды: бастапқы шикізат қоспасын өндіру және кәсіпорынға жеткізу, шикізат қоспасын дайындау (ұсақтау, ұнтақтау және оның құрамын орташалаңдыру), шикізат қоспасын жентектеуге дейін күйдіру (клинкерді алу).

Шикізат қоспасын күйдіруге дайындау бүгінгі күні үш тәсілмен мүмкін – сулы, құрғақ және аралас, [5].

Клинкер өндірісін алдын ала таңдау болашақ қайта өңдеуге арналған шикізаттың қандай күйде болуына, сондай-ақ отынның түрі мен сортына байланысты.


Біздің елімізде шикізат қоспасын дайындаудың сулы тәсілінің басым болуы бірқатар техникалық және экономикалық факторлардың салдары болып табылады. Су ортасында материалдарды ұсақтау жеңілдетіледі, оларды бірлесіп ұсақтау кезінде қоспаның тез жоғары біртектілікке келуіне қол жеткізуге болады, бірақ шикізат қоспасын күйдіруге жұмсалатын отын шығыны сулы тәсілде құрғақ тәсілге қарағанда екі есе көп. Сонымен қатар, сулы шикізат қоспасын күйдіру кезінде қарапайым айналмалы пештердің өлшемдері айтарлықтай өседі, өйткені бұл жылу агрегаттары суды буландыру функцияларын едәуір көлемде орындайды.

Құрғақ әдіс, сулы әдіспен салыстырғандағы техникалық-экономикалық артықшылықтарына қарамастан, ұзақ уақыт бойы алынатын клинкердің сапасының төмендеуі салдарынан шектеулі қолдану тапты. Алайда жұқа ұсақтау және шикізат қоспаларын гомогендеу техникасындағы табыстар құрғақ әдіспен ақ жоғары сапалы портландцементтерді алу мүмкіндігін қамтамасыз етті. Бұл шикізат қоспасын осы әдіспен дайындаудың соңғы он жылдықтағы күрт өсуін алдын ала анықтады.

Қолданысқа үшінші аралас әдіс те ие. Оның мәні шикізат қоспасын дайындау сулы тәсілмен жүзеге асырылады, содан кейін шлам арнайы қондырғыларда сусыздандырылады және пешке жіберіледі. Аралас тәсіл бірқатар деректер бойынша сулы тәсілге қарағанда отын шығынын 30 пайызға дейін төмендетеді, бірақ, электр энергиясының шығыны мен өндірістің еңбек сыйымдылығы артады.

Осы жобаланатын кәсіпорында шикізат компоненттерін дайындаудың құрғақ тәсілін қолданамыз, себебі, бұл тәсіл басқа тәсілдерге қарағанда бірталай артықшылықтарға ие. Яғни, энергия, отын және еңбек шығындарын азырақ қамтамасыз етеді.

## 1.7 Өндірістің технологиялық сипаттамасы



Портландцементті клинкерді өндіру келесі бөлімдерді қамтиды: карьерлік жұмыстар және шикізат материалдарын ұсақтау, кептіру-ұнтақтау, күйдіру, суыту және сақтау.

Карьерден түсетін әктас беттік және балғалы ұсақтағыштарда екі сатылы ұсақтаудан өтеді. Ал, саз болса білікті ұсақтағышта ұсақталады. ВНТП 06-91 сәйкес өндірістің құрғақ тәсілі үшін табиғи ылғалдылығы бар шикізат материалдары неғұрлым қолайлы болып табылады, [9]:

карбонатты компонент үшін – 5,0 пайыздан артық емес;

сазды компонент үшін – 25,0 пайыздан артық емес.

Осы материалдардан дайындалатын шикізат қоспасының табиғи ылғалдылығы 8-10 пайызды құрауы тиіс, бұл оны пеш агрегатынан шығатын газдар мен ауаның жылуымен ғана кептіруге мүмкіндік береді.



Ұсақталған шикізаттар конвейер арқылы барабанды диірменге бірлескен ұнтақтауға жіберіледі, бұнда кептіру де қатар жүреді. Ұнтақталған қоспа ауа ағынымен сепараторға жіберіледі, онда оны ұсақ және ірі фракцияларға бөлу жүргізіледі.

Содан кейін циклондар, аэрожелобтар және мөлшерлегіш құрылғылар арқылы ұсақ фракция шикізат ұнтағының силосына, ал ірі фракция сепаратор арқылы қайта ұнтақтауға жіберіледі.

Силостардан шикізат ұнтағы циклонды жылу алмастырғыштарға тасымалданады, онда ол пештен шығатын газдармен 700-750 °С дейін қызады. Жылу алмастырғыштардан шикізат ұнтағы айналмалы пешке өздігінен тасымалданады.

Пештен шығатын клинкер тоңазытқышта салқындалатылады. Содан кейін клинкер конвейермен дайын өнім қоймасына жіберіледі.

## 1.8 Материалдық баланс

*Күйдіру цехының материалдық балансы:*

Клинкер бойынша айналмалы пештің өнімділігі – 12,5 т/сағатына

$$12,5 \cdot 24 = 300 \text{ т/тәулігіне}$$

$$300 \cdot 262 = 78600 \text{ т/жылына}$$

Клинкерді өндіруге арналған құрғақ шикізаттың теориялық үлестік шығынын қыздыру кезіндегі шығындарды ескере отырып анықтайды, [4]:

$$\frac{100}{100-34,486} = 1,526 \text{ т/т, клинкер}$$

мұнда 34,486 – шикізат қоспасын күйдіру кезіндегі жоғалулар.

Айналмалы пештердің шығатын газдарды шаңсыздандыру үшін электр сүзгілері орнатылады, бұл шикізаттың газдармен шығатын 1 пайыздан артық емес жоғалуын есептеуге мүмкіндік береді. Сонда құрғақ шикізат шығыны:

$$1,526 \cdot \frac{100}{100-1} = 1,541 \text{ т/т, клинкер}$$

$$1,541 \cdot 12,5 = 19,2625 \text{ т/сағ}$$

$$19,2625 \cdot 24 = 462,3 \text{ т/т}$$

$$462,3 \cdot 262 = 121\ 122,6 \text{ т/ж}$$

Шикізат қоспасының жекелеген компоненттерінің шығынын анықтаймыз:

Әктас:

$$1,541 \cdot \frac{79,79}{100} = 1,23 \text{ т/т, клинкер}$$

$$1,23 \cdot 12,5 = 16,25 \text{ т/сағ}$$

$$16,25 \cdot 24 = 390 \text{ т/т}$$

$$390 \cdot 262 = 102\ 180 \text{ т/ж}$$

Саз:

$$1,541 \cdot \frac{20,21}{100} = 0,311 \text{ т/т, клинкер}$$

$$0,311 \cdot 12,5 = 3,89 \text{ т/сағ}$$

$$3,89 \cdot 24 = 93,3 \text{ т/т}$$

$$93,3 \cdot 262 = 24\ 444,6 \text{ т/ж}$$

Табиғи ылғалдылықты ескерсек, шикізат материалдарының шығыны тиісінше, [6]:

Әктас:

$$1,23 \cdot \frac{100+5}{100} = 1,29 \text{ т/т, клинкер}$$

$$1,29 \cdot 12,5 = 16,14 \text{ т/сағ}$$

$$16,14 \cdot 24 = 387,36 \text{ т/т}$$

$$387,36 \cdot 262 = 101\ 488,32 \text{ т/ж}$$

Саз:

$$0,311 \cdot \frac{100+15}{100} = 0,358 \text{ т/т, клинкер}$$

$$0,358 \cdot 12,5 = 4,47 \text{ т/сағ}$$

$$4,47 \cdot 24 = 107,295 \text{ т/т}$$

$$107,295 \cdot 262 = 28\,111,29 \text{ т/ж}$$

*Шикізатты ұнтақтау бөлімінің материалдық балансы:*

Алдыңғы есептеулерден шикізатты ұнтақтау бөлімшесі құрғақ шикізат материалдарын 126 624,6 т/жыл ұнтақтауды қамтамасыз етуі тиіс. Демек, шикізат ұнтақтау болуы керек:

$$\text{тәулігіне: } 126\,624,6 : 262 = 483,3 \text{ т;}$$

$$\text{сағатына: } 483,3 : 24 = 20,1375 \text{ т.}$$

Оның ішінде жекелеген компоненттердің шығыны:

Әктас:

$$20,1375 \cdot \frac{79,79}{100} = 16,068 \text{ т/сағ}$$

$$483,3 \cdot \frac{79,79}{100} = 389,615 \text{ т/т}$$

$$126\,624,6 \cdot \frac{79,79}{100} = 101\,033,768 \text{ т/ж}$$

Саз:

$$20,1375 \cdot \frac{20,21}{100} = 4,07 \text{ т/сағ}$$

$$483,3 \cdot \frac{20,21}{100} = 97,675 \text{ т/т}$$

$$126\,624,6 \cdot \frac{20,21}{100} = 25\,590,8317 \text{ т/ж}$$

*Карьердің және ұсақтау бөлімінің материалдық балансы:*

Бастапқы деректерге сәйкес шикізат шығыны 2,5 пайызды құрайды. Оның ішінде 1,5 пайыз – карьердегі шығындар және 1 пайыз – айналмалы пештердің газдарымен шығатын шикізат шығындары.

Карьер, ұсақтау бөлімшесі сияқты демалыс күндермен жылына 262 күн, тәулігіне 2 ауысыммен жұмыс істейді:

$$262 \cdot 16 = 4192 \text{ сағат}$$

70000 т жылына клинкер өндіру үшін шикізат материалдарының қажетті саны:

$$\text{Әктас} - 102\,180 \text{ т/ж}$$

$$\text{Саз} - 24\,444,6 \text{ т/ж}$$

1,5 пайыз шығындарды ескерсек:

Әктас:

$$102\,180 \cdot \frac{100+1,5}{100} = 103\,712,7 \text{ т/ж}$$

$$103\,712,7 : 262 = 395,85 \text{ т/т}$$

$$395,85 : 16 = 24,74 \text{ т/сағ}$$

Саз:

$$24\,444,6 \cdot \frac{100+1,5}{100} = 24\,811,269 \text{ т/ж}$$

$$24\,811,269 : 262 = 94,699 \text{ т/т}$$

$$94,699 : 16 = 5,919 \text{ т/сағ}$$

*Клинкер қоймасының материалдық балансы:*

Төгілмелі материалдарды қоймада сақтау кезіндегі шығындар:

Клинкер – 0,5 пайыз

Осылайша, қоймаға бір жыл ішінде клинкер келіп түседі:

$$70000 \cdot \frac{100+0,5}{100} = 73500 \text{ т}$$

## 1.9 Жабдықты таңдау және есептеу

Технологиялық жабдықтарды есептеу үшін келесі формуланы пайдаланамыз, [2]:

$$N = \frac{Q_{с.ө}}{(Q_{с.ж} \cdot K_{н.п})} \quad (6)$$

мұнда N – қондырылатын машиналардың саны;

$Q_{с.ө}$  – технологиялық бөлістің сағаттық өнімділігі, т/с;

$Q_{с.ж}$  – жабдықтың сағаттық өнімділігі, т/с;

$K_{н.п}$  – жабдықты нормативтік пайдалану коэффициенті, 0,9.

Жабдықтарды санын есептеу үшін шикізаттардың шығынын және дайын өнімнің көлемін білуіміз керек.

10 Кесте – Шикізаттар шығыны және дайын өнім көлемі

Аталуы	Марка	Әктас, т			Саз, т			Өнім шығуы, т		
		жыл ына	тәулік	сағыт ына	жылына	тәулік	сағыты на	жы- лына	тәулік	сағаты на
ПЦ клинкер 10-20 мм	ПЦ-Д0	101488, 32	387,36	16,14	28111,29	107,295	4,47	70000	267,17	11,13

1 Беттік ұсақтағыш (әктас үшін, өнімділігі 25 т/ч):

$$N_M = \frac{16,14}{25 \cdot 0,9} = 0,71$$

1 дана ДСЖ-1033 беттік ұсақтағыш қабылдаймыз

2 Балғалы ұсақтағыш (әктас үшін, өнімділігі 20 т/ч):

$$N_M = \frac{16,14}{20 \cdot 0,9} = 0,89$$

1 дана МПС-630 балғалы ұсақтағыш қабылдаймыз

3 Роликті ұсақтағыш (саз үшін, өнімділігі 20 т/ч):

$$N_M = \frac{4,47}{8 \cdot 0,9} = 0,62$$

1 дана ДОШ-550x600 роликті ұсақтағыш қабылдаймыз

4 Шарлы диірмен (өнімділігі 30 т/ч):

$$N_M = \frac{20,61}{30 \cdot 0,9} = 0,76$$

1 дана МШЦ-2,1x3 шарлы диірменін қабылдаймыз

5 Айналмалы пеш (өнімділігі 23 т/ч):

$$N_M = \frac{20,61}{29 \cdot 0,9} = 0,79$$

1 дана ПВСД-0,7 айналмалы пешін қабылдаймыз

11 Кесте – Жабдықтардың техникалық сипаттамасы

Қондырғы атауы	Өлшемі, мм	Түрі(марка)	Өнімділігі, т/сағ	Масса, т	Қуаты, кВт
Беттік ұсақтағыш	2500x2400x2200	ДСЖ-1033	16-60	5,6	30
Балғалы ұсақтағыш	2623x2214x1609	МПС-630	20	3,13	30,37
Роликті ұсақтағыш	3200x2400x900	ДОШ-550x600	8	5,3	22
Шарлы диірмен	18000x4840x3700	МШЦ-2,1x3	30	52	200
Газарту циклоны	D-560	ЦОЛ-1,5	1500 м <sup>3</sup> /сағ	0,065	35
Айналмалы пеш	45000x10000	ПВСД-0,7	29	127,3	636
Ленталы қондырғы	Ені-400	ПЛ-58	40	0,75	2
Ленталы конвейер	35000x1000	ЛК-П300	40	10	30
Сепаратор	1130x950x1450	РЗ-БАБ	10,5	0,27	0,16
Тоңазытқыш	23500x5700x9300	Волга-35с	35	100	100
Мөлшерлегіш	1152x980x1590	ДЦ-500	40	0,37	0,6

## 1.10 Шикізаттардың және өнімнің сапасын бақылау

Жобаланатын кәсіпорын шикізаттарының қасиеттері және өнім сапасы МЕСТ 30515-2013 «Цемент. Жалпы техникалық шарттар» талаптарына сәйкес болу тиісті. Бұйымдардың сапасын қамтамасыз ету үшін өндірістің барлық кезеңдерінде бақылау жасау қажет: шикізатқа кірістік бақылау, өндірістегі әр операциялық ағымды бақылау және дайын өнім сапасын бақылау. Кәсіпорын лабораториясының және техникалық бақылау бөлімінің жұмысы туралы мәліметтер келтіру керек. Бақылауды ұйымдастыру туралы нәтижелерді 12 кестеге енгіземіз, [13].

12 Кесте – Сапаны бақылау

Материал немесе процесс	Бақыланатын параметр	Бақылау орны	Бақылау мерзімі	Технология-лық режим нормалары, техникалық көрсеткіштер	Бақылау әдісі
Әктас	Химиялық құрамы, пайыз: SiO <sub>2</sub> - 4,703, Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub> - 0,922, Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub> - 0,842, CaO - 50,677, MgO - 1,093, SO <sub>3</sub> - 0,181, к.к.ж - 41,582	Шикізат қоймасы	Әр партиядан	Фотоэлектротитрометр ±0,5 пайыз	МЕСТ 5382-91
	Табиғи радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігі (370 Бк/кг-ға дейін)	Шикізат қоймасы	Әр партиядан	Радиометр ±30 пайыз	МЕСТ 30108-94
Саз	Химиялық құрамы, пайыз: SiO <sub>2</sub> - 64,078, Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub> - 18,184, Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub> - 7,36, CaO - 1,99, MgO - 1,093, SO <sub>3</sub> - 0,6, к.к.ж - 6,47	Шикізат қоймасы	Әр партиядан	Фотоэлектротитрометр ±0,5 пайыз	МЕСТ 5382-91
	Табиғи радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігі (370 Бк/кг-ға дейін)	Шикізат қоймасы	Әр партиядан	Радиометр ±30 пайыз	МЕСТ 30108-94
Мөлшерлеу	Өлшенген материалдың салмағы	Мөлшерлеу бөлімі	Ауысымы на 1 рет	±1 грамм	МЕСТ 10223-97

12 Кестенің жалғасы

Материал немесе процесс	Бақыланатын параметр	Бақылау орны	Бақылау мерзімі	Технологиялық режим нормалары, техникалық көрсеткіштер	Бақылау әдісі
Ұсақтау	Ұсақтау дәрежесі (10-нан 12 мм-ге дейін)	Ұсақтау бөлімі	Ауысымына 1 рет	Сито жиынтығы $\pm 3$ пайыз	МЕСТ 10223-97
Кептіру	Ылғалдылығы (1-ден 2 пайызға дейін)	Кептіру бөлімі	Ауысымына 1 рет	Ылғал өлшегіш $\pm 0,1$ пайыз	Ылғалды анықтау әдісі б-ша
Күйдіру	Әрбір зонадағы температура	Күйдіру бөлімі	Ауысымына 1 рет	Термопара $\pm 0,2$ пайыз	Арнайы технологиялық регламент бойынша
Клинкер	Бос СаО-ның болуы (0,69 пайыз)	Клинкер қоймасы	Ауысымына 1 рет	Фотоэлектротитрометр $\pm 0,5$ пайыз	МЕСТ 5382-91



## 2 Жылу техникалық бөлім

### 2.1 Пештің жылу балансын және клинкерді күйдіруге қажет отынның шығынын анықтау

Жылу кірісі, [3]:

1 Отынның жануынан п.б. химиялық жылу:

$$q_x = Q_H^P \cdot b = 36415 \cdot b \text{ кДж/кг}$$

2 Отынның физикалық жылуы:

$$q_{\phi} = b \cdot i_T = 10 \cdot b \text{ кДж/кг}$$

мұндағы  $i_T$  – 0 °С-тан  $t_T$  дейінгі аралықтағы отынның энтальпиясы,  $t_T=10$  °С.

3 Шикізаттың физикалық жылуы:

$$q_{\phi}^C = M_{\Pi}^C \cdot i_c + M^W \cdot i_w = 1,532 \cdot 8,8 + 0,268 \cdot 41,9 = 24,71 \text{ кДж/кг}$$

мұндағы  $i_c$  – шикізат қоспасының энтальпиясы, кДж/кг;

$i_w$  – судың энтальпиясы, кДж/кг;

$M^W$  – шикізат қоспасының ылғалдылығы, кг/кг кл.

4 Ауаның физикалық жылуы:

$$q_{\phi}^B = b(L_{\Pi} \cdot i_{\Pi} + L_{BT} \cdot i_{BT}) = b(10,08 \cdot 671,2) = 6765,7 \cdot b \text{ кДж/кг}$$

мұндағы  $L_{\Pi}$ ,  $L_{BT}$  – бастапқы және қайталама ауаның мөлшері, м<sup>3</sup>/кг;

$i_{\Pi}$ ,  $i_{BT}$  – бастапқы және қайталама ауаның энтальпиясы, кДж/м<sup>3</sup>.

Барлық жылу кірісі:

$$Q_{\text{общ}} = q_x + q_{\phi} + q_{\phi}^C + q_{\phi}^B = 36415 \cdot b + 10 \cdot b + 24,71 + 6765,7 \cdot b = 43240,76 \cdot b + 24,71$$

Жылу шығысы:

1 Клинкер құрылу реакциясының теориялық жылуы:

$$q_T = 1810,29 \text{ кДж/кг кл.}$$

2 Физикалық судың булану жылуы:

$$q_{\text{исп}} = M^W \cdot Q_{\text{исп}} = 0,268 \cdot 2491 = 667,588 \text{ кДж/кг кл.}$$

мұндағы  $Q_{\text{исп}}$  – 1 кг физикалық судың булану жылуы, 2491 кДж/кг кл.

3 Пештен шығатын клинкермен жоғалатын жылу:

$$q_k = 1 \cdot i_k = 1 \cdot 1114,3 = 1114,3 \text{ кДж/кг кл.}$$

мұндағы  $i_k$  – клинкердің пештен шығу температурасы кезіндегі энтальпиясы, 1114,3 кДж/кг кл.

4 Шығатын газдардың жылуы:

$$q_{отх}^r = V_{CO_2} \cdot i_{CO_2} + V_{H_2O} \cdot i_{H_2O} + V_{N_2} \cdot i_{N_2} + V_{O_2} \cdot i_{O_2}$$

$$V_{CO_2} = V_{CO_2}^r \cdot b + \frac{M_{CO_2}}{\rho_{CO_2}} = 1,019 \cdot b + \frac{0,51}{1,977} = 1,019 \cdot b + 0,26 \text{ м}^3/\text{кг кл.}$$

$$V_{H_2O} = V_{H_2O}^r \cdot b + \frac{M_{H_2O} + M_w}{\rho_{H_2O}} = 2,157 \cdot b + \frac{0,017 + 0,268}{0,804} = 2,157 \cdot b + 0,35 \text{ м}^3/\text{кг кл.}$$

$$V_{N_2} = V_{N_2}^r \cdot b = 7,976 \cdot b \text{ м}^3/\text{кг кл.}$$

$$V_{O_2} = V_{O_2}^r \cdot b = 0,1 \cdot b \text{ м}^3/\text{кг кл.}$$

$$q_{отх}^r = (1,019 \cdot b + 0,26) \cdot 357,6 + (2,157 \cdot b + 0,35) \cdot 304,4 + 7,976 \cdot b \cdot 260 + 0,1 \cdot b \cdot 267,1 = 3121,45 \cdot b + 199,5 \text{ кДж/кг кл.}$$

5 Қайтымсыз жылу:

$$q_{ун} = M_{ун} \cdot i_{ун} = 0,046 \cdot 185,9 = 8,55 \text{ кДж/кг кл.}$$

мұндағы  $i_{ун}$  – шикізат қоспасының энтальпиясы, кДж/кг кл.

6 Пеш арқылы қоршаған ортаға кеткен жылу:

$$q_{п} = k' \cdot Q_{п}^p \cdot b = 0,13 \cdot 36415 \cdot b = 4733,9 \cdot b \text{ кДж/кг кл.}$$

мұндағы  $k'$  – тоңазытқышсыз пешке арналған, 0,13.

7 Отынның механикалық және химиялық күймей қалуынан кеткен жылу:

$$q_{н} = k'' \cdot Q_{н}^p \cdot b = 0,005 \cdot 36415 \cdot b = 182,07 \cdot b \text{ кДж/кг кл.}$$

мұндағы  $k''$  – газ тәрізді отын үшін қабылдаймыз, 0,005.

Барлық жылу шығысы:

$$Q_{\text{общ}} = 1810,29 + 667,588 + 1114,3 + 3121,45 \cdot b + 199,5 + 8,55 + 4733,9 \cdot b + 182,07 \cdot b = 3800,23 + 8037,42 \cdot b$$

Шығысты кіріске теңестіре отырып, отынның үлес шығынын анықтаймыз:

$$43240,76 \cdot b + 24,71 = 3800,23 + 8037,42 \cdot b$$

$$b = \frac{3775,52}{35203,34} = 0,107 \text{ м}^3/\text{кг кл.}$$

Клинкерді күйдіруге жұмсалатын жылудың үлестік шығыны:

$$q_x = Q_n^p \cdot b = 36415 \cdot 0,107 = 3896,4 \text{ кДж/кг кл.}$$

$b = 0,107 \text{ м}^3/\text{кг кл.}$  мәнін баланс баптарының тиісті теңдеулеріне қойып, олардың шамаларын есептейміз және 13 кестеге енгіземіз.

13 Кесте – Қондырғының жылу балансы, 1 кг клинкер үшін:

Баланс баптары	кДж/кг кл.	пайыз
<u>Жылу кірісі:</u>		
1. Химиялық жылу ( $q_x$ )	3896,4	83,86
2. Отынның физикалық жылуы ( $q_{\phi}$ )	1,07	0,023
3. Шикізаттың физикалық жылуы ( $q_{\phi}^c$ )	24,71	0,53
4. Ауаның физикалық жылуы ( $q_{\phi}^B$ )	723,93	15,58
Барлығы	4646,1	100
<u>Жылу шығысы:</u>		
1. Клинкер құрылу реакциясының теориялық жылуы ( $q_T$ )	1810,29	38,845
2. Физикалық судың булану жылуы ( $q_{исп}$ )	667,588	14,325
3. Пештен шығатын клинкермен жоғалатын жылу ( $q_k$ )	1114,3	23,91
4. Шығатын газдардың жылуы ( $q_{отх}^Г$ )	533,5	11,448
5. Қайтымсыз жылу ( $q_{ун}$ )	8,55	0,183
6. Пеш арқылы қоршаған ортаға кеткен жылу ( $q_n$ )	506,5	10,868
7. Отынның механикалық және химиялық күймей қалуынан кеткен жылу ( $q_n$ )	19,48	0,42
Барлығы	4660,2	100
Ақау	14,1	0,3

Пештің технологиялық пәк-і:

$$\eta_{\text{тех}} = \frac{q_T}{q_x} \cdot 100\% = \frac{1810,29}{3896,4} \cdot 100\% = 46,46 \%$$

Пештің жылу пәк-і:

$$\eta_{\text{теп}} = \frac{q_T + q_{\text{исп}}}{q_X} \cdot 100\% = \frac{1810,29 + 667,588}{3896,4} \cdot 100\% = 63,59\%$$

## 2.2 Өндірістік емес қажеттіліктерге арналған жылу шығындарын есептеу

Өндірістік емес қажеттіліктерге арналған шығындарға жылуға, желдетуге және ыстық сумен жабдықтауға арналған шығындар жатады, [11].

1) Ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалатын ең жоғары сағаттық жылу шығыны мына формула бойынша анықталады::

$$\begin{aligned} Q_m &= [a \cdot q_0 (t_{\text{вн}} - t^{\circ}_{\text{н}}) + q_{\text{в}} (t_{\text{вн}} - t^{\text{B}}_{\text{н}})] \cdot V = \\ &= [0,95 \cdot 0,37 \cdot (18 - (-25)) + 0,21 \cdot (18 - (-10))] \cdot 32659,2 = [0,351 \cdot 43 + 5,88] \cdot 32659,2 = \\ &= 685663,574 \text{ кДж/сағ}, \end{aligned}$$

мұнда  $a$  – Алматы облысы үшін 0,95 тең қабылданатын климаттық жағдайларға байланысты меншікті жылу сипаттамасының өзгеруін ескеретін коэффициент;

$q_0$  – 0,37 тең жылытуға арналған ғимараттың жылу сипаттамасы;

